

ную цели, определяет объем и содержание этой деятельности, планирует этапы, методику и технику ее организации. Решению этих задач способствует выполнение следующих дидактических условий:

- трудовая деятельность, в которую включаются студенты, должна отвечать намеченной дидактической и воспитательной целям, т.е. должны быть четко определены знания, умения и навыки, которые студенты приобретут, какое при этом отношение к труду будет сформировано;

- трудовая деятельность студентов должна строиться на нравственной основе;

- трудовая деятельность студентов должна иметь четко обозначенный объем и содержание, ограниченность временными рамками.

Организованная с учетом этих рекомендаций, трудовая деятельность студентов способствует формированию у них социально-активной позиции, которая необходима гармонической развитой личности с сформированной гражданской позицией, при формировании современной модели выпускника. Это позволяет формировать студенту свои карьерные решения, планировать стратегию собственной жизни, использовать возможности, которые предоставляет государство. Очень важно уметь видеть стратегические возможности страны и свои собственные, а также прогнозировать устройство жизни страны и своей собственной. Успехи страны и успех каждого отдельного человека зависят от того, как хорошо его выучили на гражданина.

Студент должен научиться ставить реальные цели и достигать их, а общество должно научить его стать успешным.

ЛИТЕРАТУРА

1. Об образовании: Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III.
2. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005–2010 годы.
3. Государственная программа молодежной политики на 2010–2014 годы (проект);
4. Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана.
5. Концепция воспитания в системе непрерывного образования Республики Казахстан от 16 ноября 2009 года № 521.
6. Программа воспитательной работы в Костанайском государственном педагогическом институте.
7. Ипполитова Н.В. Патриотическое воспитание в современных условиях: особенности, подходы, подготовка будущих учителей.
8. Крицкая Н.Ф. Современные тенденции развития гражданского образования // Интегративный подход к воспитанию гражданственности в системе непрерывного образования: материалы всерос. науч.-практ. конф., Киров, апрель 2005. – Киров: Изд-во ВятГУ, 2005.

«ҮЙ» КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ АСПЕКТІДЕ БЕРІЛУІ

Досова А.Т., ф.ғ.к.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Тіл мәдениетпен тығыз байланысты, сонымен қатар, тіл мәдениеттің көрініс табар бірден-бір қайнар көзі. Тілдік ерекшеліктерді зерделеу, рухани мәдениеттің қандай да болмасын құбылысын, ұлттық ерекшеліктерінің қайнар көзін, сол ұлттың, жалпы адамзаттың құндылықтар мен әлемдік мәдениет қазынасын құруындағы ұлттық мәдениеттің айрықша белгілері көрініс тапқан реалды формаларды зерттеуге қол жеткізеді.

Сонымен қатар, тіл мәдениеттің ажырамас құрамдас бір бөлігі, әрі ол лингвомәдениеттануда рухани болмыс ретінде танылады. Яғни тілде ұлттың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, дәстүрлер жиынтығы, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері - рухани өмірі көрініс тапқан.

Қазіргі тіл білімінде В.фон Гумбольдт, А.А.Потебня, Э.Сепир, К.Леви-Стросс, Е.И.Кукушкина, Е.М.Верещагин, В.Г.Костомаров және т.б. ғалымдардың еңбектерінде тіл мен мәдениеттің өзара байланысы ғылыми түрде қарастырылған. Алайда бұдан тіл мен мәдениет арақатынасы мәселесінің өткен ғасырларда ғалымдарды ойландырмаған деген тұжырым жасауға болмайды. Осы тұста, М.М.Копыленконың XI-ғасырдың өзінде ұлттық тұрмыс салтының, шаруашылық түрінің, жағрапиялық ерекшеліктерінің тілге өзіндік әсері болатынын айтқан түркітанушы Махмұд Қашқаридың бұл саладағы еңбегі ешбір себепсіз ескерілмей келетінін айтқан көңіл аудартар әділ сын пікірін айтқымыз келеді: «Яркая этнолингвистическая направленность труда Махмуда Кашгари не повторяется более ни в

одном лингвистическом сочинении Востока и Запада» /1, 5/. М.Қашқари түркі тілдерінің сөз тәркінін зерттегенде оның этимологиясын алдымен сол халықтың мәдениеті ықпал еткен тұрмыс тіршілігімен байланыстырады.

Тіл білімінде тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мәселесін алғаш рет ғылыми теориялық деңгейде В.фон Гумбольдт зерттеді. Оның материалды және рухани мәдениеттің ұлттық сипатының тілде көрініс табатыны, тілдік белгіге ішкі форманың тән екендігі және тілдің адам мен қоршаған орта арасын байланыстыратын дәнекерші қызметі туралы басты ғылыми негіздемелері мен ұстанымдары А.Потебня, Ш.Балли, Ж.Вандриес, Р.Якобсон еңбектерінде өз жалғасын тапты. Бұл сайып келгенде, мәдениеттің ұлттық сипатының тілдегі көрінісін, қоршаған дүниені ерекше танып білу, ұлттық рухтың көрініс табуына, яғни тіл адамдардың рухының табиғатын анықтайды: «...халықтың рухы мен мінез-құлқының танып білуге болатын барлық формалардың көрініс берер жолдарының ішінде – халықтың рухы мен мінез-құлқының ерекшеліктерін бейнелей алатын да, оның құпияларына жол ашатын да тіл ғана» /2, 69/. В. фон Гумбольдт идеясының түпкі мағынасы «болмыс шындықтың рухани қабылдануы ана тілдің ықпалымен, оның концептуалды жүйесі арқылы жүзеге асады. Демек, әр түрлі тілдік қауымдастықтар, концептілер жүйесінің түрлі құралдарын қолдана отырып шын мәнінде ұлттық мәдениеттің негізі саналатын әр түрлі дүние суретін құрайды» /3, 39/ дегенге саяды.

Неогумбольдтандық мектептің өкілдері Э.Сепир мен Б.Уорф тілдің ойлауға ықпалын негізге алған «лингвистикалық ықтималдылық болжамын» ұсынды. Бұл болжамның негізгі мәні кез-келген халықтың қоршаған ортаны танып білуі ана тілімен, оның тілдік құрылымымен тікелей байланысты дегенді білдіреді. Қазіргі кезде тіл құрылымының ойлау қабілетіне деген өз әсері жөнінде де түрлі пікірлер айтылады: түркі, яғни агглютинативті құрылымды тіл өкілдерінде шындық болмыс динамикалық детерминантты функционалдық жүйеде көрініс табады деп айқындайды. А. Мельникова орыс тілінің сөйлем құрылымы мен грамматикалық көптік категориясы негізінде қоршаған шындық болмысты танып-түсінудегі орыстарға ғана тән ұлттық дүние суреті арасында сәйкестіктер табады. Бұл пікірлердің қаншалықты дұрыс немесе бұрыстығын әлі анықтау қажет.

Жоғарыда айтып өткен американдық ғалымдардың пікіріне оралсақ, ол түгелімен идиоэтникалық ғана бағытты көрсетеді, яғни әмбебаптық қағида ескерілмейді. Бірақ бұл ғалымдардың басты кемшілігі – тілге таным процесінде басты рөл беруінде: «Шындық болмыстың бейнеленуінің нәтижесі тіл арқылы беріледі. Бұл білімнің тілдік сипаты білімнің жүзеге асуының бір құралы екендігін де ғана емес, сонымен қатар тілдің білімге өз қолтаңбасын қалдыруында» /4, 58/.

Бұл болжамды теріске шығарар пікірлер де жеткілікті. Олардың дені мынаған саяды: «Жалпы біздің шындық болмысты қабылдауымызды тіл жүктемейді, керісінше, адамдардың рухани және материалдық өмірлерінің әрқелкі жағдайда болуы негізінде шындық болмыс әр түрлі тілдерде бірдей көрініс таппайды» /5, 118/.

Тіл мен мәдениет әр түрлі семиотикалық жүйеге жатқанымен, олардың өзіндік ұқсастықтары да бар. Мәдениет тіл тәрізді халықтың дүниетанымын, оның қоршаған ортаға деген қатынасын бейнелейді. Тіл мен мәдениет өте күрделі қарым-қатынаста болады. Бұл күрделілік, біріншіден, тілдің мәдениеттің құрамдас бір бөлігі болып табылатындығында болса, екіншіден, сол тіл арқылы мәдениеттің өзіндік көрініс табылатындығында және бұған қоса, тіл өз алдына дербес жүйе түзеді. Жалпы «мәдениет» ұғымына мәдениеттанушылардың берген анықтамалары баршылық, солардың қорытытындысы ретінде төмендегі ғылыми анықтаманы негізге аламыз: «...белгілі бір өмір салты немесе белгілі бір дәстүрді ұстанатын адамның басқа заңдар мен нормалар ұстанатын адамдардан айырмашылық меже өлшемдері» [6]. Тіл мен мәдениет қоғамдағы тарихи өмір сүру процесінде бір-бірінен ажырағысыз. Өйткені тіл мәдени контекстіз, ал мәдениет өзінің құрылымында тілсіз толыққанды жүйе ретінде қабылдануы мүмкін емес. Бір айтып кететін жәйт, қазақ мәдениетін сөз еткенімізде, әрине, оны қазақ ұлтының қалыптасу факторларын және оның даму кезеңдерімен ұштастыруымыз қажет. Өйткені қазақ ұлтының мәдениетін, яғни оның өз алдына дербес ұлт болғанға дейінге кезеңдердегі әртүрлі тайпалардың (сақтар, массагеттер, ежелгі түркі, татар-моңғолдар) мәдениетімен тығыз байланыста, кең көлемде қарастырған жөн.

Яғни, бұл қазақ ұлттық мәдениетінің басқа түркі халықтары мәдениетімен ұштасып, бірігіп жатқаны, ортақ этникалық генезис факторы ареалды, аймақтық түркі мәдениетін құрайтынын көрсетеді. Әрине, қазақ ұлты өз алдына ұлт болып қалыптасқанда мәдениет белгілі бір трансформацияға (өзгеріске) ұшырап, өзіне ғана тән айрықша сипаттағы ұлттық мәдениет түзгенін де ескеру қажет.

Ұлттық-мәдени ұғымдар – кешенді бірліктер, олардың мазмұндық көлемі кең, тұрпаты мен тұлғасы жағынан сан түрлі. Ұлттық-мәдени ұғымдар – дүниенің, тұтас әлемнің ұлттық санадағы сәулесі, әлемнің ұлттық санадағы тілдік бейнесі, ұлттың әрбір мүшесінің санасында орныққан, қалыптасқан үлгісі. Әлем осындай ұғымдар арқылы әрбір ұлт адамның санасында ассоциацияланады, ассоциацияның шегі тұрақты да, нақты да емес, өйткені адам танымы үнемі қозғалыста, динамикалы күйде болатындықтан, оның шегі де, шегі туралы түсінік те әлеуметтік, ұлттық, тарихи және жекелеген объективтік факторларға байланысты өзгеріп отырады.

Сөздік қорды ұлттық-мәдени мәндегі сөздермен байыту мен оның баюы үдерісі – ұлт санасының баюынан; ұлттық сезімнің артуынан; әрбір ұлт өкілінің жекелеген құбылыстар туралы түсінігінің алғашында жинақталып, кейіннен жалпылануынан құралады. Сөйтіп барып әрбір ұлттың эстетикалық мүмкіндігінің көрсеткішіне айналады. Сонда ұлттық эстетикалық көрсеткішке айналатын тілдік бірліктердің мазмұндық жағынан баюы немесе мазмұн байлығы ұлттың мәдени ұғымымен бірлікте, ұлттың әлемді түсініп, қабылдауына қарай қалыптасады.

Ұлттық-мәдени мәндегі сөздер белгілі бір ұлттың табиғатпен және қоршаған әлеммен орнатқан қарым-қатынасы негізінде пайда болады, ұлттың (тілдік ұжымның) табиғат құбылыстарын, табиғат пен ақиқат дүниенің құдіретін сезінуімен тығыз байланысты болғандықтан, ұлтпен бірге, ұлттық сана негізінде өмір сүреді, өркендейді. Ұлттық санада жинақталған ақпараттар негізінде концептілердің пайда болуы ақпараттардың қордалануының нәтижесі. Ұлттық-мәдени мәндегі ұғымдарды тереңірек түсіну үшін «үй» концептісіне тоқталуды жөн көрдік.

«Үй» сөзінің беретін мағынасы мынадай болып келеді:

1. Адам тұратын баспана.

2. Белгілі бір қоғамдық қажеттілік үшін пайдаланылатын орын, мекеме.

Үй баспана ретінде адамзат тарихындағы тас дәуірінен бастап белгілі. Әлем халықтарының заттай мәдениетінің айғағы ретінде үй түрлері табиғи жағдайларға байланысты дамып, жетілдіріліп отырған. Көшпелі тұрмыс кешкен қазақ халқы негізінен киіз үйді пайдаланған. Үй әлемдегі әрбір ұлттың жеке мәдениетін айғақтайтын, маңызды белгілерін көрсететін әмбебап кешен болып табылады.

«Үй» концептісі халықтың мақал-мәтелдерінде көрініс табады. Мысалы, «*Үйінде ұлы-қызы бардың, көгінде сөнбес жұлдызы бар*»; «*Үйінде қартың болса – асыл қазынаң*»; «*Үйің үй-ақ екен, ішінде ойнайтын балаң болса*»; «*Үй баласымен базарлы, қонағымен мазарлы*». Жоғарыда берілген мақал-мәтелдерде «үй» сөзі «отбасы, отбасы мүшелері» деген мағынада берілген.

Туған үйдің түтіні жылы.

Үй болған соң: белбау да керек, желбау да керек.

Үйге ұт кірді – егіншінің көкейіне құт кірді. (ұт – киіз үйдің есігінен түскен күн).

Үйдегі есепті базардағы нарық бұзар.

Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтыра алады.

Үйдің жылы-суығын қыс түскенде білерсің, ағайынның алыс-жақынын іс түскенде білерсің.

Үйдің көркі – сандық.

«Үй менікі» деменің, үй артында кісі бар.

Үйі бірдің күйі бір.

Үлкен үйге не керек, кіші үйге де сол керек.

Үлкен үйдегі күлсе, кіші үйдегі езу тартар.

Адам кірмес қара үйдің құлағаны жақсы (Қорқыт).

Иесіз үйдің оты жанбайды.

Ойдағы үй – селдікі, ірдегі үй – желдікі, жазықтағы үй – елдікі.

Ой-хой, менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім.

Ор қазғанша қасыңа, үй салғайсың досыңа.

Отау үй – оңаша бас.

Үлкен үй – атаның не әкенің үйі, қарашаңырақ саналады.

Киіз үй – көшпелі өмірге бейімделген, ерте заманнан келе жатқан көшпелілер баспанасы. Еуразия далаларындағы жартылай көшпелі және отырықшы халықтар арасындағы кеңінен таралған. Көшіп-қонуға лайықталып жасалады, түйе мен атқа тиеу арқылы жеңіл көшіріледі, оның киіз туырлықтары мен үзіктерінен жауын өтпейді.

Киіз үй – өзіндік баға жетпес өнер туындысы, қазақ халқы үшін өмір салты мен әдет-ғұрпының, дүниетанымының, сан ғасырлық мәдениетінің жарқын айғағы.

Киіз үйдің пайда болуы қола дәуіріне саяды (б.з.д. 3-мыңжылдық). Оны б.з.д. 7-ғасырда кеңінен қолданылған және киіз басу белгілі бір кәсіпке айналды.

Киіз үйдің құрылымы:

- Негізгі қаңқасы – шаңырақ, кереге, сықырлауық, уықтан тұрады;
- Тіккенде үй сүйегін бір-бірімен жалғастырып тұратын – басқұр құр, таңғыш, белбау, бау;
- Киіз әбзелдер – туырлық, үзік, түндік, киіз есік.

Туырлық кереге іргесінен уықтың ортасына дейінгі жерді, үзік – кереге басынан шаңырақ шеңберіне дейінгі аралықты, түндік – шаңырақты, киіз есік сықырлауықты жауып тұрады.

Киіз үйді қазақ халқы «қасиетті, киелі қарашаңырағымыз» деп дәріптейді. Өйткені ол – баспанасы, мәдениеті, мақтанышы, мыңдаған жылғы ой-арман табысы әрі көркем ескерткіші. Мұнда ата-бабамыздың түсінік-түйсігі, ұғымы, танымы, талғамы, өмір тәжірибесінің тұтас үлгісі, көрінісі жатыр. Бір ғана осы киіз үйден сәулет, құрылыс, сурет, қол өнері, мәдениет сияқты бірнеше ұлы өнердің басын құрайтын ғажайып туындыны көре аламыз.

Рухани мәдениет ретінде қарастырсақ, киіз үй баспана ғана емес, арғы әлеммен байланыстырып, қаскөйлерден қорғайтын киелі орын. Қазақ үйдің киесі шаңырақтан бастау алады. Шаңырақ – қасиетті. Шаңырақ – күннің символы. Шаңырақ көтеріліп жатқанда ешкім сөйлемейді. Өйткені ұлы іс атқарылып жатқанда үнсіздік орнауы тиіс. «Жеті уық шаншылғанша жетесіз ғана сөйлейді» деген сөз осының дәлелі. Шаңырақтың төрт күлдіреуіші – төрт тарапты білдіреді. Уықтарды күннің шашырандысы деп ұғыңыз. Ертеректе шаңыраққа үрлеген қарын байлап қоятын болған. Оның мәнісі, құт құйылады деп есептеген. Шаңырақтың астында ошақ орналасады. Ошақ – адамның оты. Шаңырақтың үстінде Алланың оты маздаса, төменде адамның оты лаулайды. Кеңістікті игерудің екінші кезеңі – киіз үйді тігудің өзінде де ер мен әйелдің өз міндеттері бар, мысалы шаңырақты ер адам бақанмен көтеріп ұстайды, ал әйелдер уық шаншады (6-8-10 қанатты ордалардың шаңырағын азаматтар ат мініп жүріп көтерген). Бұл орайда шаңырақтың қастерлі, киелілігіне назар аудара кеткен жөн. Әйелдердің көп балалы, ырысты, пейілді, тағы басқа да жақсы қасиеттерге ие болуы сол шаңыраққа табынумен байланысты деп есептелген. Сондықтан жаңа туған сәбидің шілдеханасына сойылған малдың мойынын бала қырқынан шыққанша шаңырақ асты керегеге іліп қоятын салт болған, сонда баланың мойыны тез қатып, берік болады деп ырымдаған.

Қазақ тілінде шаңыраққа байланысты көптеген фразеологизмдер бар. Мысалы:

- шаңырағың биік болсын!
- шаңырақ көтерді;
- шаңырағы ортасына түсті;
- шаңырағы шалқып тұр;
- шаңырағы шалқасынан түсті;
- құлаған шаңырағын қайта көтерді;
- шаңырағының түтіні түзу;
- шаңырағының күлдіреуішінен күн түсті.

Көркем мәтінде «үй» концептісінің берілуін анықтау мақсатында жазушы Т.Ахтановтың «Боран», «Шырағың сөнбесін», «Қаһарлы күндер» романдарының тілін қарастыруды жөн көрдік.

«... Сығырайған соқыр терезесіне қарын ұстаған аласа кішкентай бөлме. Есік жақтағы қазақы пештің аузына қазан қондырған. Кішілеу қазанның қарайып кеткен тақтай қақпағы жабық. Ішінде бір нәрсе қайнап жатыр. Бұрқ-бұрқ бу шығады. Кішкентай бөлменің іші толған әйелдер» (Боран, 13-б). Мысалда үйдің ішіндегі жағдайға сипаттама берілген.

Жазушы романдарында қазақ халқының ұлттық тұрмыстық ерекшелігінен хабар беретін **киіз үй** туралы суреттеулерінде ұқсастық бар. Жазушының «Қаһарлы күндер» мен «Шырағың сөнбесін» романдарында қазақтың киіз үйі, кең даласы, қазақ ұлтты кейіпкерлердің көңіл-күйлері үндес баяндалған. Мысалы, *«Мен оянған кезде ойымда еш нәрсе жоқ басым қаңырап бос тұр. Көзімді ашып үйдің **уығына**, одан **шаңыраққа** қараймын. Ашулы **түндіктен** көкпеңбек мөлдір аспанды көріп, кеудеме белгісіз бір қуаныш лықсығандай болды. **Киіз үйде** ұйықтағанда таңертеңгілік шаңырақтан саф таза көк аспанды көріп қуанып оянатын әдетім еді, бүгін де сол қуаныш лықсып келе жатты да кенет...»*(Шырағың сөнбесін, 41-б).

*«Ертеңгісін **киіз үйдің** ішінде оянғанда ашық **түндікте** алыс аспанның көкпеңбек бір бөлігі көрінетін. Жабыла шырылдаған бозторғай үні бір үзілмейді. Бозторғайдың жұ-*

мырықтай денесіне көк әлемін балқытқан соншама ағыл-тегіл қуаныш үн қалай сыйғанына қайран боласың. Ержан әдемі көк аспанға, көз ұшында қара ноқат болып дірілдеген бозторғайға қарап көкірегін қуаныш пен бақыт кернеп, біраз қозғалмай жатады. ... Дала ертеңгі салқынмен тыныстап тұр. Төңірек сондай айқын» (Қаһарлы күндер, 41-б).

Автор жоғарыдағы мәтіндерде кең даланың таза ауасымен тыныстап, бозторғай үнімен елтіккен, көңілі қуанышқа толы қазақ азаматының ұлттық тұлғасын сомдаған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы, 1998.
- 2 Гумбольдт В. Избр. труды по языкознанию. – М.: «Прогресс», 1984. – 397 с.
- 3 Добровольский Д.О. Национально-культурная специфика во фразеологии // Вопросы языкознания.
- 4 Брутян Г.А. Языковая картина мира и ее роль в познании // Методологические проблемы анализа языка. – Ереван, 1976. – С. 57-64.
- 5 Мечковская Н.Б. Язык и общество // Общее языкознание. – Минск, 1983.
- 6 Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар. Филология ғылымдарының кандидаттық диссертациясы. – Алматы, 2002. – 110 б.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РЕГИОНАЛЬНОГО КОМПОНЕНТА В РАМКАХ ГРАЖДАНСКОГО ВОСПИТАНИЯ И ТОЛЕРАНТНОСТИ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Елеусизова Г.Д.

ГУ «Средняя школа №1 отдела образования акимата г.Костаная»

Сегодня нельзя ставить и решать актуальные вопросы социального и духовного развития человека и общества, в том числе – школы и педагогики, без учета современного положения в мире, тенденций его развития, открывшихся возможностей разностороннего и плодотворного сотрудничества. Сотрудничество, расширяющиеся контакты позволяют не только освоить достижения мирового сообщества и отдельных стран, но и лучше раскрыть собственные потенциальные возможности и стимулировать поиск оптимального решения аналогичных или сходных проблем. Гражданственность – важнейший духовно-нравственный фактор сохранения общественной стабильности, независимости и безопасности государства.

1. Проблемы гражданского воспитания в современной школе.

Одной из важнейших проблем современного демократического Казахстана стала проблема гражданского воспитания детей и подростков. Вообще, сам термин «гражданское воспитание» нуждается в конкретизации. Очевидно, что под «гражданским воспитанием» подразумевается процесс воспитания гражданина. Вот только вопрос – какого гражданина? Этот вопрос весьма актуален для многих учителей и родителей. При обсуждении данной проблемы встает вопрос, кого должна воспитывать школа: гражданина мира или гражданина Казахстана. Соглашаясь в принципе с тем, что необходимо воспитывать граждан Казахстана, многие учителя и родители задаются вопросом: как это делать в условиях, когда опорочены и приобрели негативный оттенок в общественном мнении такие понятия, как «патриотизм», «демократия», «общественный интерес»; когда утеряно уважение к органам государственной власти, как ни странно, именно к органам народного представительства, наличие которых, кстати, единственно и дает право государству называться демократическим.

В таких условиях говорить о гражданском воспитании, а главное, заниматься им, дело довольно трудное. В свое время из средней школы были изгнаны все детские общественные организации, проводившие и организовывавшие подобную работу. Сделано это было под предлогом деидеологизации образования. Уже тогда, на рубеже 80-90-х годов людям и педагогам, мало-мальски разбирающимся или хотя бы интересующимся историей и политикой, было понятно, что образование не может быть вне политики, вне идеологии. Было ясно, что на смену коммунистической идеологии в школу обязательно придет какая-то другая идеология. Но тогда мало кто предполагал, что на смену коммунистическим идеалам, ставившим, возможно излишне резко, государство выше человека и буквально требовавшим принесения личных интересов в жертву интересам общества, придут иные ценности, выражающиеся в абсолютном пренебрежении общественными и государственными интересами.